

Т. Ж. Әбдірахманов,
*тілдер дайындығы кафедрасының бастығы, полиция полковнигі (ҚР ІІМ М. Бөкенбаев
атындағы Ақтөбе заң институты)*

СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІНІҢ ӨЛШЕМДЕРІ ЖӘНЕ ОҒАН ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Тіл адамдардың бір-бірімен қатынас жасау, пікір алысу құралы болса, сөйлеу дегеніміз — сол тілде қарым-қатынас жасау, пікір алысу құралын пайдалана білудің әртүрлі амалдары мен жолдары, тәсілдері. Өткендегі ғұламалар тілді діннен де жоғары қойған. Тіл болмаса дін қалай таралмақ, адамдар қалай түсініспек. Қазақ елінің қазіргі жер байлығы, қазына байлығы, рухани байлығы ата-бабадан қалған тіл мәдениетімен тікелей байланысты. Мемлекеттік мәртебесі бар қазақ тілін меңгеру, сол тілде сөйлеу, жазу, іс жүргізу, еларалық қатынастарды орнату, заңнама міндеттерін жасаудың әмірлік қажеттілігін әрбір болашақ ПО қызметкері терең сезінуі қажет. ПО қызметкері өзінің сөйлеу, жазу мәдениетін жетік меңгеруге қажетті деңгейде кәңіл бөлуі керек. ПО қызметіне қатысты түрде айтатын болсақ, тіл — заңнама актілерінің санасының айшықты көрсеткіші. Заң сапасы туралы сөз болғанда сол заң жазылған тіл, оны қолдану мәдениеті, оған деген ықылас бірінші орында тұруы керек. Сөйлеу екі түрлі формада — ішкі және сыртқы формада жүзеге асады: ішкі сөйлеу форма-сы — сөйлеу процесі үшін аса қажет нәрсе; ал сыртқы форма арқылы адам өз ойын басқаларға жеткізеді, белгілі бір ақпарат береді. Сыртқы сөйлеу формасының өзі екі түрлі жолмен ауызша және жазбаша түрде жүзеге асырылуы мүмкін. Сөйлеу ауызша түрде жүзеге асырылғанда, оны айтумен, екінші біреудің қабылдауы бір мезетте болады, ал жазбаша түрде сөйлеудің ғұмыры аса ұзақ. Ондайлар жазбаша текстер, шығармалар жүздеген, мыңдаған жыл-дарға жете алады, оларды әр кезде, әр заманда-ақ адамзаттың толып жатқан ұрпағы пайдалана, қабылдай алады.

Сөйлеу және оның туындылары (шығармалары, текстері) мен тілдік жүйе күрделі диалектикалық бірлікте, қарым-қатынаста болады екен, адам өз ойын дұрыс жеткізу үшін өз сөйлеуін өзі сөйлеп тұрған тіл жүйесі мен нормаларының заңдылықтарына бағындыруы керек. Тіл мәдениетін оқып-үйренудің тағы бір тәсілі — сөйлеу стилі мен тіл стилін түсіну болып табылады.

Тіл стилі — көп салалы сөйлеу стилінде нақты жүзеге асырылады. Өйткені, оның әр сала-сы оның ұйымдастырылуын, құрылысын, тіл стилі мен қарым-қатынасының мақсаттылығы-мен және міндеттерімен, әдебиет жанрларымен, автордың және өзінің жеке басы қарым-қатынас жайларын көрсетеді. Сөз — мәтіннің сыртқы көрінісі. Оның тек тілдік құрылымы ғана емес, оны ұйымдастыру қабілеті де бар. Сөз — тек, лингвистикалық қана емес, психоло-гиялық және эстетикалық құбылыс.

Тіл мәдениетін сақтаудың тағы бір тәсілі — тіл байлығын игеріп, оны меңгере отырып сөз қорын молайту болады. Сол бай тіл мен мол сөзді әдеби шығармада суреткерлік шеберлікпен қолданудың өзі бір тәбе. Бір сөйлемдегі бірнеше сөз бір-біріне сәуле түсіреді, әр сөздің бұрынғы мағынасына жаңадан тың мағына қосылып, бәрі бірігіп танытар шындық та сұлу шырайдай ажарланады. Ал мағына тың, мазмұн мәлдір болса, оның оқырманға етер әсері де өзгеше болмақ. Тілдің қарапайымдылығы мен табиғилығы, оған суреткер қолымен енгізілген ажарлану тіл сұлулығы мен мәдениеттілігін аша түседі. Әр сөз адамның кәңіл-күйімен тығыз байланысты болғандықтан, әр сөздің айтылуына қарай мағынасы да болады. Бұл арада әр сөзге ажар беріп, оның мағынасын толықтыратын ең қарапайым тәсіл — интонация, яғни дауыс ырғағы әр сөздің айтылу мәнері. Мұның өзі мәтінді оқығанда ғана емес, жазу үстінде де қатты ескеріледі.

Тіл мәдениеті көпшілік жағдайда, сөздің дұрыстығы орталық орында, әрі әдеби тіл нормаларымен әрдайым байланыста болуы. Сөз қолдану мәдениетін арттыратын негізгі шаралардың бірі — тіл тазалығы. Тіл тазалығы ойымыздың, сөзіміздің бәтен, бәгде элементтермен шұбарланбауын талап етеміз. Әрине, бәтен тілден сөз алмай, таза ана тілі материалының негізінде ғана өмір сүретін әдеби тіл деген болмайды. Көркем шығарманы, сондай-ақ, әдеби нормадан ешбір ауытқымай, бәтен тілдік элементтерді қоспай, сірестіріп, «таза әдеби» тілде жаза беруге болмайды. Өйткені, көркемсөз шеберлері оқырмандарына өмірдің өзі кәтерген

саласын жан-жақты кәрсету, олардың дүниетанымын, эстетикалық талғамын арттыру мақсатын көздейді.

Сәйлеу мәдениетінің негізгі мақсаты — тыңдаушыларды тіл мәдениетіне тәрбиелеудің теориялық-практикалық мәні туралы айту. Осыдан келіп, жұмыстың негізгі міндеттері туындайды:

- тіл мәдениеті ұғымына ғылыми түсінік беру;
- тыңдаушы жастардың тіл мәдениетінің төмен болуының себептерін саралау;
- тіл мәдениетінің жоғарғы болуына қойылатын талаптарды айқындау;
- тіл мәдениетінің даму сатысы қандай әлшемдер арқылы анықталатындығын кәрсету;
- тыңдаушыларды тіл мәдениетіне тәрбиелеудегі дидактикалық, әдістемелік ұстанымдарды негіздеу.

ПО қызметкерлерінің кәсіби сәйлеу ерекшелігі — нақты жағдайларда коммуникативтік міндеттікке жетуге көмек көрсететін, сәйлесу тәсілдерінің білікті қолданылуы болып табылады. Ол қажетті сәйлеуді нақты, уақыты сәтте қолдану. Сәйлеу мәдениеті — ол біріншіден ойдың мәдениеті, тілге сүйіспеншілік және адам әзінің жеке басын сыйлау арқылы шарты алынады. Сәйлеу мәдениетінің негізгі белгісі — нормативтік, яғни нақтылы дұрыстық сәйлеудің тазалығы, әдебиет тілінің нормаларына сәйкес өз ойын нақты білдіру. Сәйлеу мәдениетінің жоғарғы сатысы болып сәйлеу шеберлігі саналады, ойдың анық жеткілікті, сенімділік-ті ашудан, сөздіктің байлығымен грамматикалық құрамның әртүрлігінен тұрады. Сәйлеу әнерлігі — ол риторикалық тәсілдерді білікті қолдануды білдіреді, эмоционалдық психологиялық әсеріне көмек етеді. ПО қызметкеріне жақсы сәйлеу — ол кәсіптік қажеттілік болып есептеледі. Әйткені, ПО қызметкерлерінің кәсібі тек қана кәсіптік шеберлікті емес, сонымен қатар кең жалпы білімді қажет етеді. Конидің айтуы бойынша «ПО қызметкерлерінің жалпы білімі арнайы білімнің алдында болуы керек» деген. ПО қызметкерлерінің тарапынан сөздің нормаларын бұзса, тыңдаушылар тарапынан оған деген сенімділігін жоғалту, оның біліміне сенімсіздік туындайды. Сәйлем екі нысанда болады: ауызша және жазбаша. Жазбаша сәйлеу ережеге сәйкес ресми түрде жүзеге асырылады. Ол алдын ала ойлануға есептелген, сондықтан бұндай сәйлемге нақтылы қажет әдебиет тілінің нормаларын қатаң сақтауды талап етеді. ПО қызметкерлерінің жазбаша сәйлеу мәдениеті көпшілік алдында сәйлеу нормаларын білуді қажет етеді. Прокурор мен адвокаттардың сәйлемдерінде нақты істер бойынша процессуалдық құжаттардағы фактілер анықталады, сол себептен сот ораторлары ресми-іскерлік сәйлемдердегі құрамдарды жиі қолданады. Ал ауызша көпшілік алдындағы сәйлем — сөздіктің байлығын талап етеді. Әйткені ол нақты адамдарға бағытталған.

ПО қызметкерлерінің кәсіби бағыттағы әрбір сөзі тек қана мәлімет ретінде қарастырылып қоймай, ол тыңдаушыларға психологиялық әсерін тигізеді. Мысалы прокурордың сот сәйлемінде сотталушының қылмыстық әрекетінің қоғамға қандай терістігін жеткізу барсында сотталушы басын төмендетіп, сот залындағы адамдарға қарамауға тырысатындығын байқауға болады, көзінің жасын байқауға болады. Ал керісінше адвокаттың қорғау сөздерін тыңдауда, бұл жерде адвокат сотталушының жақсы жақтарын айту барысында, оның басы көтеріліп бетінде күлкі пайда болғанын байқаймыз. Ол әзіне сеніп тыңдаушылар оған сенгенін байқайды. ПО қызметкерлерінің сәйлемінің бірінші қажетті сапасы — анықтылық.

Анықтылыққа істегі құжаттармен терең танысу, сәйлеудің нақты композициясынан, дәлелдердің сенімділігінен жетеміз. Тәжірибеде жиі ақтықты қарапайымдылықпен салыстырады. Сәйлеудің қарапайымдылығы оны жеңіл түсінуіне көмек көрсетеді.

Ойлау мәдениетінің төмендігінен, істің құжаттарын нақты білмегендіктен ПО қызметкерінің сәйлеуі анық болмайды. Сол сияқты анықсыздықтың себебінің бірі сөздің артықтығы болуы мүмкін. Мысалы: бір сөзді қайталап айта беру. Ой білдірудің анықтылығы сәйлеудің тағы бір сапасына нақтылыққа жеткізеді. Нақтылық оратордың оймен нақты сәйлеудің сәй-кестілігі. Бұл ПО қызметкерлерінің сәйлемінің қажетті сапасы болып табылады.

ПО қызметкерінің кәсіби қызметіндегі сәйлеу ерекшеліктеріне тоқталсақ оның әлеуметтік ортада өзгеде жерлерде дұрыс сәйлеу мәнері, тұрақты этикетті сақтауы, оның сөзінде өзін қоршаған адамдарға деген сыйластық қарым-қатынас және әлеуметтік құндылықтарға деген дұрыс көзқарасына басты назар аударуы керек.

Жалпы сәйлеу қарым-қатынасының құрылысында үш үлкен бөлім бар, олар:

- коммуникативтік жағы — ол адамдар арасындағы ақпарат алмасу;

- перцептивтік жағы — адамдардың сәйлеу ақпарат алмасу кезіндегі өзін-өзі ұстауы, сәй-леу мәнері. Мұндағы бірінші жақ қажетті ақпаратты беруші, ал екіншісі ол ақпаратты қажеті-не қарай алушы.

- интерактивтік жағы — бұл қазіргі таңдағы түрлі компьютерлік жүйелер арқылы (онлайн) т. б. жүйелер арқылы адамдар арасындағы қарым-қатынас.

Тіл мәдениетінің әлшемдері мен оған қойылатын талаптар.

«Ана тілін жақсы білу — әркімнің азаматтық борышы. Егер әрбір сөзді орнымен жұмсай біліп, айтқан ойды мазмұнды, нысанаға дәл тиетіндей ұғымды шығып, тыңдаушысын баурап алардай әсерлі болса, ана тілінің құдіреті сонда ғана сезілер еді. Ал мұндай шеберлік тек тіл мәдениеті жоғары адамдардың ғана қолынан келерлік жайт» — деп тұжырымдайды М. Балақаев.

И. Нұғыманов «Сәйлеушінің тілінде болатын кемшіліктердің себептері:

1. Ортаның әсері:

а) адамның сәйлеуіне жергілікті тіл немесе басқа тіл әсер етеді;

ә) кәшенің әсері (дәрекі, былапыт тіл);

б) тіл пәнінің нормаларын жақсы меңгермеген оқытушының әсері,

2. Сәйлеу дағдыларының жоқтығы (адамның тілін дамытуға немқұрайлы қарауы).

3. Жекелеген адам тіліндегі кемшілік», — деп кәрсетеді.

Жастардың тіл мәдениетінің төмен болу себептері: 1. Кәркем әдебиет оқуға деген қызығушылықтың төмендігі. Тіл мәдениетіне жастарды тәрбиелеу кәркем әдеби шығармаларды кәптеп оқумен байланысты. Кәркем әдебиетті аз оқитын адамның сөздік қоры аз болады, соған орай олардың сәйлеу мәдениеті мен ойын логикалық баяндауы төмен екендігі байқалады.

2. Мәдени орталықтарға бару, ол туралы пікірлесудің өте сирек кездесетіндігі.

3. Ата-аналардың балаларының тіл мәдениетіне жете мән бермеушілігі.

4. Тілдік ортаның әсері.

5. Кей оқытушының өздерінің тіл мәдениетінің төмендігі. Оқытушының жастар алдында сәйлейтін сөзін ешбір оқулықпен айырбастауға болмайды. Студент оқытушыны тыңдағанда одан білім алумен қатар сұлу, кәркем, анық, түсінікті сәйлей білуге үйренеді.

Тіл мәдениетіне тәрбиелеу сөз мәдениеті негіздері туралы және тіл туралы жан-жақты ұғым беруден басталады. Сөз әдебі, әдетте, ауызша сәйлеу тіл мәдениеті мен тұтастықта танылатындықтан, адамның айналасындағылар мен табыса білуінің құпиясы қарым-қатынастың әлеуметтік-тұрмыстық және іскерлік секілді түрлерімен сабақтастық сараланады. Осы қатынас түрлерінің мақсатына қарай тілдің қолданыс аясының өзіндік ерекшеліктеріне кәңіл аударылды.

Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. — Алматы, 2006.